



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 17/557
27 апреля 2018 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА!

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке көп ұлтты Қазақстан халқының тамаша дәстүрі, бейбітшілік пен келісімнің символы болып қалыптасты. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен табыстары – бұл ең әуелі, барлық қазақстандықтардың ұлты мен дініне қарамастан айнымас достығы. Бірлік пен келісім, Отанымыздың тағдыры үшін ортақ жауапкершілік – Қазақстанның дамуының стратегиялық ресурстары және біздің күш-қуатымыз бен келешекке деген сеніміміздің негізі болып табылады.

Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, бақыт пен табыс, береке, бірлік, тыныштық және де болашақ тілейміз!

Құрметпен,
Қала әкімі Қ.Камзин
Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков



Уважаемые жители города Приозерск и гости города!

От всей души поздравляем Вас с праздником единства народа Казахстана!

Этот праздник стал замечательной традицией многонационального народа Казахстана, символом мира и согласия. Все успехи и достижения независимого Казахстана – это, прежде всего, результат великой и нерушимой дружбы всех казахстанцев независимо от их национальной и религиозной принадлежности. Согласие и сплоченность, общая ответственность за судьбу Отечества – это стратегические ресурсы успешного развития Казахстана, главные источники нашей силы и уверенности в завтрашнем дне.

Желаем Вам крепкого здоровья, весеннего настроения, счастья, успехов и благополучия, мира, согласия и спокойствия, оптимизма и уверенности в будущем!

С уважением,
Акима города К.Камзин
Секретаря маслихата Б.Сәрсембеков

Рухани жаңғыру

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛМЕН БОЛАШАҚҚА» АТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯ

2018 жылғы 23 сәуірде «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен мемлекеттік тапсырыс аясында «Рухани жаңғыру: мемлекеттік тілмен болашаққа» тақырыбында конференция болып өтті.

Конференция жұмысына қаладағы үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері, білім беру қызметкерлері қа-

сары Ж.Дулатованың «Приозерск қаласындағы ономастикалық ахуал», «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г.Қасымованың «Үштілді білім беру-заман талабы» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалды.

Алқа мәжілісі аяқталған соң конференция жұмысы 2 секция бойынша жалғасты. «Үштілдікті білім бері жүйесіне енгізу: мәселелері мен болашағы» секциясы бойынша Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының директоры А.Игенова, «Қазақ әліпбиінің латиницаға өтуі прогресс жолындағы маңызды қадам ретінде» секциясы бойынша Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының әдіскері Ж.Жақанова жетекшілік етті.

Ауқымды шараны өткізудегі мақсат «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының міндеттерін жүзеге асыру, жастарды «бірлік пен бәсекеге қабілет-

тік» идеясының төңірегінде нығайту, ҚР тілдерді дамыту мәселесін, қазақ тілінің латын әліпбиіне өтуін, ономастика мәселелерін, үштілділікті енгізуді талқылау.

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі



тасты.

Конференция жұмысын құттықтау сөзімен қала әкімінің орынбасары Б.Қазиева ашты. Алқа мәжілісінде Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының директоры А.Игенованың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдары», Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының әдіскері Ж.Жақанованың «Латын әліпбиінің маңызы және ересектерге жана әліпбиді үйрету жолдары», «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г.Шәрбекованың «Приозерск қаласында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы», «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынба-



Рухани жаңғыру

ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ - ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Тәуелсіздік тірегі – мемлекеттік тіл. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б. Момышұлы

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл - қай елде болмасын қасиеттері, құдіретті рухани, әрі тарихи құндылық. Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз- тәуелсіздік, егемендіксіз- тіл болмақ емес.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді», - деп атап өтті.

Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – бүгін өзіміз тәрбиелеп отырған бүлдіршіндер. Ана тілін балалар ананың әлдінен, бесік жырынан, қоршаған ортасынан еліктеу арқылы үйренеді. Демек, біздің міндетіміз ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тілді әрі қарай дамыту, жетілдіру. Балаларға ана тіліміз арқылы Отанымызды танып білуге, өз халқын,

өзінің атамекенін сүйуге, тілге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтсақ, «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Кішкентай патриот» педагогикалық жоба іске асырылуда. Сонымен қатар дәстүрлі түрде Қазақстан халықтарының Тілдер күніне, Тұңғыш президент күніне, Тәуелсіздік күніне, Астана күніне, Рәміздер күніне орай «Мәнерлеп оқу» сайыстары өткізіледі.

Бөбекжайда басқа да өзге ұлт өкілдері тәрбиеленеді. Олар құрдастарымен мемлекеттік тілде сөйлеседі, өлең-тақпақ айтады, қазақ елінің мәдениетімен, дәстүрлерімен танысады. Осылай бүлдіршіндерді толерантыққа және ұлтжандылыққа тәрбиелейміз.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, бүгінгі таңда қазақ баласының өз ана тілінде сөйлеп, оның қадір қасиетін бағалап, саралай білуі, санаға сіңіруі қажет. Мәңгілік ел болуға көш түзген халқымыз ана тілінен мәңгілік ажырамауы тиіс. Мемлекеттік тіліміз одан әрі өркендеуі мен дамуына үлес қосайық!

Г. Т. Узаина,
«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайының директоры

ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ В РК: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ



СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ



Современный Казахстан нуждается в социологических инструментах, без которых мы будем обладать ограниченным запасом знаний о своей стране и мире в целом. Социология - необходимый ресурс для изучения современного общества и общественного мнения, которое необходимо для демократического и правового государства. Социологическое знание является подспорьем для государственного и муниципального управления, именно через него выражаются интересы общества, на его основе строят свою работу государственные, общественные и экономические структуры. Университетские социологические кафедры, зачастую, выступают площадкой для научных дискуссий по различным аспектам актуальной социологии: исследованиям города и села, миграционным процессам, религиозной обстановки, гендерной политики,

образовательных стратегий, имиджа власти, мира повседневности и т.д.

Как отмечал Президент Казахстана Н.А. Назарбаев в своей лекции «...В обществе должен доминировать инновационный, креативный тип поведения... нам нужны эрудированные люди, способные конкурировать на международном уровне... Необходимо создать ядро национального интеллекта!». С ослаблением позиций социологии в обществе теряется шанс развития критического мышления. Работа социологов связана с критическим описанием законов функционирования общества и попыткой его социального реформирования на благо общества.

Социологическое воображение укрепляет социальный иммунитет общества, создавая барьеры для различного рода радикальных идей и тенденций современного мира.

Б. Курмангожин,
специалист в сфере религий
ОВП, КИРЯ города Приозерск

ГЛОБАЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ СДВИГИ - НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ РОСТА

Ежегодное Послание Президента РК народу Казахстана - одно из самых значимых политических событий страны. В сложившихся условиях продолжающегося глобального экономического кризиса данное Послание особенно своевременно и актуально.

Каждое новое обращение Президента страны своему народу ожидаемо и давно уже стало этапным рубежом развития нашего государства и стратегически важным документом. Нынешнее Послание посвящено развитию страны в условиях четвертой промышленной революции. В нем Главой государства определены 10 основных задач, которые предстоит нам всем реализовать. «Глобальные технологические сдвиги несут в себе как вызовы, так и новые возможности роста. Это наш исторический шанс для ускоренного вхождения в число 30-ти наиболее развитых стран мира», - сказал Президент, отмечая, что современные технологии меняют мир.

Данная программа конкретных практических дел, несомненно, касается всех казахстанцев, и, в первую очередь, нас, педагогов - передовой части интеллигенции.

Большой интерес у нас вызвал седьмой приоритет - обеспечение нового качества человеческого капитала. Глава государства выстраивает целостную политику, направленную на повышение человеческого капитала страны через развитие сферы образования. В Послании отмечено, что все уровни системы образования должны отвечать современным реалиям и потребностям экономики и особое внимание уделяется необходимости повышения престижа профессии учителя.

Безусловно, Послание Президента определяет для всех нас и для страны в целом новые пути и возможности преодоления глобальных вызовов. И у нас нет никаких сомнений в том, что под руководством нашего Елбасы будет успешно реализованы все приоритетные задачи развития страны на предстоящие годы!

<http://orleuastana.kz/otzyv-na-poslanie-prezidenta-2018/>



ҚР Н.Ә.Назарбаевтың “ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ” атты Қазақстан халқына Жолдау



Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана “ҚАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ: РОСТ, РЕФОРМЫ, РАЗВИТИЕ”



Әскери - патриоттық тәрбие

ТАҒЫЛЫМДЫ ЕРЛІК САБАҒЫ

Приозерск гарнизонына қарасты 60601 әскери бөлімінің «Сағадат» атты әскери-патриоттық клубы Қарағанды облысы Приозерск қаласындағы № 2 жалпыбілімдік мектептің оқушыларымен «Батырлардың ерлік жолы» тақырыбындағы ерлік сабағын өткізді. Бөлімнің әскери қызметшілері қолға алған ерлік сабағының мақсаты өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулу болғандықтан, Отан қорғаушылар оқушыларға батыр ағаларымыздың ерлік жолын үлгі етудегі өз ойларын мақтанш сезіммен жеткізе білді.

Білім ошағының жоғары оқушыларымен ұйымдастырылып өткізілген ерлік сабағын 60601 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары майор Д.Н.Бейсеков ашып берді. Лауазымды тұлға майор Дәулет Нариманұлы сөйлеген сөзінде білім нәрімен сусындып жүрген оқушының тебіренген сезіміне Қазақстан Республикасының Президенті - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жуықты, өршіл намысты, биік рухты болса - ол елдің енесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады» - деген терең мағыналы ұлағатты сөзін жеткізді. Ерлік тақырыбын өткізу барысында, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында ерлік жасаған қазақстандық батырлардың ерлік жолдары жайында әңгіме өрбіді. Оқушылар да қарап қалған жоқ, олар да Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағам-

бетов, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова сынды батыр ағаларымыз бен апаларымыздың жасаған ерліктерін жатқа айтып беріп, ерлік жолдарын үлгі тұтатындықтарын жеткізді.

Заман талабына сай, интерактивтік тақта арқылы оқушыларға Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы С.Қ.Нұрмағамбетовтің қаһармандық ерлік жолына арналған деректі фильм көрсетілді. Бөлімнің «Сағадат» атты әскери-патриоттық клубы және әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен қолға алынған ерлік сабағы жоғары деңгейде өткізілді. Ерлік сабағын өткізуге атсалысқан сержант Ербол Тұрсынбаевтың, сондай-ақ бөлімнің әйелдер кеңесінің мүшелері сержант Маржан Исламованың, сержант Айнұр Ибрагимованың және кіші сержант Қарлығаш Қожабекованың есімдерін ерекше атаған жөн. «Келісіп пішкен тон келте болмас!» - демекші, келешекте жас ұрпақты отансүйгіштікке баулуға әскери бөлімнің алға қойған іс-шаралары өз жалғасын таба береді деген сенімдемсі!



сіннің ұйымдастыруымен қолға алынған ерлік сабағы жоғары деңгейде өткізілді. Ерлік сабағын өткізуге атсалысқан сержант Ербол Тұрсынбаевтың, сондай-ақ бөлімнің әйелдер кеңесінің мүшелері сержант Маржан Исламованың, сержант Айнұр Ибрагимованың және кіші сержант Қарлығаш Қожабекованың есімдерін ерекше атаған жөн. «Келісіп пішкен тон келте болмас!» - демекші, келешекте жас ұрпақты отансүйгіштікке баулуға әскери бөлімнің алға қойған іс-шаралары өз жалғасын таба береді деген сенімдемсі!

Ғ. Молдақұлова,
60601 әскери бөлімі әйелдер кеңесінің
торайымы, сержант

Технологии

ҚАЗАХСТАНСКИЕ СТАРТАПЕРЫ ПОЕДУТ НА ESCHELON ASIA SUMMIT-2018 В СИНГАПУР

Сингапурские венчурные инвесторы определили шесть лучших казахстанских стартапов, команды-разработчики которых поедут представлять Казахстан на технологическую выставку Echelon Asia Summit в Сингапуре. Конкурс по отбору стартапов прошел в рамках второго этапа программы Smart Zholy, передает Kazpravda.kz.

Командами-победителями стали - Nommi (mi-fi роутер), Game of Drones (киберспорт), KazMotors (маркет-плейс для автозапчастей), AllLabs (продукты на основе искусственного интеллекта), Neupusti (площадка для поиска образовательных грантов) и OKauto (приложение для автомобилистов, позволяющее проверять и оплачивать штрафы).

Программа Smart Zholy была запущена в прошлом году и в 2018 году была масштабирована на всю республику.

"Мы получили более 100 заявок от команд - это суммарно больше 400 человек. Были выбраны 20 команд-финалистов, которые на этой неделе проходили специальные менторские сессии с нашими экспертами из Сингапура на базе Astana hub", - рассказал координатор проекта Smart Zholy Рашид Дюсембаев.



Он также отметил, что изначально предполагалось определить пять финалистов, однако жюри отобрало шесть, подтвердив высокий уровень стартапов, представленных казахстанскими командами.

Шесть команд-победителей отправятся на крупнейшую технологическую конференцию в Юго-Восточной Азии Echelon Asia Summit-2018, который пройдет в конце июня в Сингапуре. Участники этого события получат возможность представить свои продукты и сервисы потенциальным инвесторам, а также выйти на один из самых крупных и динамично развивающихся рынков мира.

ВТОРОЙ БОЙ GGG

Спорт

Чемпион мира в среднем весе по версиям WBA/WBC/IBF/IBO казахстанец Геннадий Головкин прокомментировал ожидаемый этой осенью реванш с Саулем "Канело" Альваресом, сообщает Sports.kz.

"Я хочу боксировать три-четыре раза в год. Поэтому, если Сауль будет готов к сентябрю, мы дадим зрителям этот бой. Пока же я полностью сосредоточен на конкретном поединке (с Мартиросяном)", - сказал Геннадий.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЛАБЫ

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кеңесті жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттық тіліне айналдырады.»

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жолдауына.

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе тәуелсіздік алған жылдардан бермен қарай көтеріліп келетіні баршамызға белгілі. 2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиі латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта



оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдылыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген болатын.

Осы мәселелерге қатысты мемлекеттік филология ғылымдарының өзі:

«Қазіргі қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне аландаушылық тудырып отырғандар бар. Бірақ бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп білеміз. Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Сондықтан да болар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақтар арасына қалай енгізілгеніне келіспейміз» деген сөзі көңілге көп ой салады. Себебі бұл сөз тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі ойды дөп басқандай.

Латын әліпбиіне көшу, негізінде, ана тілі-

міздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақ айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Осы мақсатта өзін еңбек ететін №1 жалпы білім беретін орта мектепте латын әліпбиін үйрету мақсатында бірқанша жұмыстар жүргізіп келеміз. Жетекшілік ететін 10 «ә» сыныбына «Латын тіліне көшу-өзге ұлттармен тілдесуді жеңілдетеді» атты ашық сабағын өткізіп, латын әліпбиінің қыры мен сырына терең үнілуге жағдай жасап, әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуға жағдай жасалды.

Сонымен қатар 11-10 сыныптардан бірнеше рет диктант жұмысын алып, жазуға төселдіріп, жүргізіп оқуға үйрете бастадым. Алғашқы диктантта сапа-19%, 22 %-ды, сапа 50 -ды құраса, соңғы жазба жұмысында сапа 65 %, үлгерім 90%-ды құрады. Демек оқушылардың латын әліпбиінде жазуға төселе бастағандығы байқалды.

Латын әліпбиіне көшудің ең басты қажеттілігі неде?

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауда сөйлеген сөзінде: «...ең бастысы – қазақ тіліне жаңғыртуға жағдай туғызады», – деген болатын. Шынында да, әліпби ауыстырудың саясатқа да, басқаға да қатысы жоқ, ең басты қажеттілігін



тілдің өзі талап етіп отыр деп түсінуіміз әрі қолдау көрсете білуіміз керек.

Сөзінді қорытындылай келе, латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін өкелері үзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ деп ойлаймын.

Л.Нұрсейітова,
№1 ЖББОМ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН КӨШІРУ

Приозерск қаласының Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің №44841 әскери бөлімінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшуі мәселесін түсіндіру бойынша ақпараттық-насихаттау тобы әскери қызметшілерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында қазақ әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшудің маңыздылығы, қазіргі таңдағы жаңа үлгісі талқыланды.

Кездесу соңында латын графикасына көшу жұмысы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бекіткен қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде жүзеге асатыны туралы айтылды.

Сонымен қатар, «Мерейлі отбасы» ұлттық



конкурсы бойынша ақпарат берілді.

А. Тульчикова,
Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

Забота о молодежи

О СОЦИАЛЬНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ, СПОРТИВНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНОЙ И ДОСУГОВОЙ РАБОТЕ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Отдел физической культуры и спорта города Приозерск на постоянной основе организует и проводит мероприятия социально-воспитательной, спортивно-оздоровительной и досуговой направленности среди несовершеннолетних в городе Приозерск. В центре детско-юношеского творчества «Достык» функционируют спортивные секции по настольному теннису, боксу, футболу, плаванию, таэквондо, волейболу, казак курес и тогызкумалак.

В 2016 году, для привлечения детей и подростков к занятиям спортом, на бесплатной основе для жителей полуострова в здании городской больницы был организован детский дворовый клуб «Кайнар» где функционируют спортивные секции такие, как настольный теннис, тогыз-кумалак, шашки и шахматы.

Также, дополнительно на бесплатной основе, организовано посещение фитнес-клуба для детей и инвалидов со справкой к допуску к физическим нагрузкам. В данный момент спортом занимаются 21 ребенок.

Всего дети, занимающиеся в спортивных

секциях города, с начала 2018 года участвовали в 9 выездных соревнованиях, общим количеством 77 человек.

Сборная команда города участвовала в республиканских и областных соревнованиях: Спартакиада школьников по программе «Рухани жаңғыру» и в честь 20-летия столицы Астана по мини-футболу, казак куресы и волейболу; чемпионат Республики Казахстан по пауэрлифтингу города Чимкент и Теккели; чемпионат Карагандинской области среди юниоров 2004-2005 г.р. по боксу в память тренеров и боксеров город Караганда; открытый турнир Республики Казахстан по Таэквондо ITF «Kazakhstan Open», город Алматы - 2 золотые медали и 4 серебряные; чемпионат Карагандинской области среди юниоров 2006 - 2008 г.р. по боксу, город Караганда; чемпионат Карагандинской области среди девушек 2002 - 2005 г.р. по боксу, город Караганда.

Н. Стамкул,
руководитель ОФКиС

Внимание населения

ОСОБО ОПАСНЫЕ ИНФЕКЦИИ

Особо-опасные инфекции (ООИ) – это группа инфекционных заболеваний, представляют собой значительную эпидемиологическую опасность в плане быстрого распространения и заражения большого количества людей, а также тяжелого течения болезни. Причиной могут быть и вирусы, и бактерии.

На данный момент под понятием «особо опасные инфекции» подразумеваются инфекционные заболевания, представляющие чрезвычайную опасность для здоровья в международном масштабе. Определен перечень карантинных инфекций.

Перечень карантинных инфекций
полиомиелит; чума (легочная форма); холера; натуральная оспа; желтая лихорадка; лихорадка Эбола и Марбург; грипп (новый подтип); острый респираторный синдром (ТОРС) или Sars.

Профилактика особо опасных инфекций
1. Специфическая профилактика особо опасных инфекций проводится вакциной. Цель вакцинации – вызвать иммунитет к заболеванию. Вакцинация способна предотвратить заражение

или значительно ослабить его негативные последствия. Вакцинирование подразделяется на плановое и по эпидемическим показаниям. Проводится при сибирской язве, чуме, холере и туляремии.

2. Экстренная профилактика лицам, которые подверглись риску заражения особо опасной инфекцией, проводится антибактериальными препаратами (сибирская язва).

3. Для профилактики и в случаях заболевания не-пользуют иммуноглобулины (сибирская язва).

4. Лицам, контактировавшим с больными холерой, проводится введение холерного бактериофага.

5. Лица, выезжающие за границу, вакцинируются от желтой лихорадки не позднее десяти дней до выезда в страны, где зарегистрировано данное заболевание. Вакцинированию подлежат все возрастные группы. Повторная вакцинация (ревакцинация) проводится через 10 дней.

Т. Р. Байманова,
главный специалист Управления охраны общественного здоровья города Приозерск

Отанды қорғау – абыройлы міндет

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ АТҚАРУДАН ЖАЛТАРҒАНЫ МЕН БАС ТАРТҚАНЫ ЖӘНЕ БӨЛІМДІ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ ОРНЫН ӨЗ БЕТІМЕН ТАСТАП КЕТКЕНІ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

2016-2018 жылдарға арналған құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы бағдарламасының негізінде 2018 жылдың сәуір айында Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің қызметкерлері Приозерск гарнизонының әскери бөлімдерінің мерзімді әскери қызметшілері арасында әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту және бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету туралы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шараларын жүргізді.

Іс-шара барысында мерзімді әскери қызметшілерге әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту және бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кетіп қылмыстық жауапкершілікке тартылған әскери қызметшілер жайлы әртүрлі деректер туралы айтылды. Сонымен бірге, әскери қызметтен жалтарудың зияндылығы туралы мәліметтер алға тартылды.

Оларды ерлік, намыс пен қызметтік парызды биік қойып, Отанға сенімділікпен адал қызмет етуге шақырды.

Ж. Урумбетов,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер-үзкілі



Құқықбұзушылықтың алдын алу

«ДӨНГЕЛІК ҮСТЕЛ» ӨТКІЗІЛДІ

Приозерск гарнизонының Әскери полиция бөлімінде «Әскери қызметшілердің арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзуға жол

бермеуге» арналған іс-шараларды талқылауға бағытталған «Дөңгелік үстел» өткізілді. Оған Приозерск гарнизонының әскери бөлімдері мен мекемелерінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі әскери қызметшілері қа-



тасты.

Іс-шара барысында әскери бөлімдерде әскери қызметшілердің арасындағы жарғылық

қағидаларын бұзуға жол бермеу тақырыбында атқарып жатқан мәселелер талқылады. Сонымен бірге, әскери қызметшілермен қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы тиісті деңгейде өткізілуіне назар аударылды.

«Дөңгелік үстелге» қатысушылар өзара пікір алысып, әскери қызметшілердің арасында өзара қарым-қатынастарды нығайту жөніндегі кейбір мәселелері талқыланды.

С. Жүсіпов,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің бастығы, әділет майоры



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акіма города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела - Еженедельно понедельник - четверг с 16.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, саулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ –нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Дәстүр-қазына

ТАСАТТЫҚ ТАСАДА ҚАЛМАСЫН

Тасаттық – ислам діні біздің өмірімізге еңбей тұрған дәуірден бері ата-бабаларымыздың жаратқан иеге, яғни сол замандағы сенімге орай Көк Төңіріңе жалбарыну, шапағат тілеу, көмек сұрау мақсатында берілетін наным жоралғысы болып табылған. Жер сілкіну, су тасқыны, басқа да табиғи апаттардың алдын алу, тосаттан келетін ауру-сырқауларға тосқауыл қою, шаруа баққан ел малының тез тойынуы және егіншілер тұқым себу үшін көктем жаңбыр тілеу мақсатымен төрт түлік малдан шамасы келгенін шалып, Жаратқанға құрбандық беру арқылы оның көмегіне, мейірім-шапағатына жүгінген. Аталмыш садақа-құрбандықтары босқа кетпей, дұғатілектері қабылданып, тілектері орындалып отырғандықтан бұл шара біздің өміртіршілігімізге мейлінше еніп кеткендігі сонша, осы күнге дейін жалғасын тауып келеді. Көптеген тарихшылардың мәліметі бойынша аталған дәстүр сонау Нұһ пайғамбардан басталған деген дерек бар. Кешегі кеңес үкіметі кезінде де қазақтар тығыз орналасқан аймақтарда тасаттық беру дәстүрі шетін қалмағанына өзіміз куәміз.

Біздің Тамды ауданы төңірегінде болған мына оқиғаға назар аударып көрелікші (елдің аузынан тараған бұлар оқиға). Сол бір дәуірдің кезінде көктем мезгілінде, яғни қой төлдету науқаны барысында көктем бір тамшы жаңбыр тамбай қойып, шаруа сағалаған ел қатты сасады. Үлкен қариялар бас қосып, тасаттық беру керектігін шаруашылық басшыларына жеткізіпті. Партияның қылышынан қан тамып, дінге қарсы науқан жүріп тұрған дәуірде аудандық партия комитетінен жасқанған басшылар бұл ұсынысты қабыл алма

қоймайды. Жауын-шашынсыз күндер жалғасып, қой отарларынан шығын бола бастаған тұста сол кездегі аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған орыс (ұмытпасам Петров) ұлтының өкілі ауылдың жағдайына, шаруашылықтан хабар алуға ат басын бұрады. Көріп тұрғанындай, шаруаның жайы мез емес. Жерге шөп шықпауынан малдың қырылып қалу қаупі басым. Қойлар өліп жатыр. Басты себеп – жауынның дер уақытында жаумауы. Аузы батыр ақсақалдың бірі мұндай тығырлықтан Ұзынқұдық ауылына жақын жердегі Қанарбай әулие зиратының басына тасаттық беру арқылы шығуға болатынын тәржімашы арқылы екінші хатшыға жеткізіпті. Өзі коммунист, әрі дінге сенбейтін хатшы бұлқан-талқан болып ашуланып, тасаттыққа рұқсат бермей жолға шығып кетіпті. Қанарбай ата бейітінің тұсына келгенде көліктері көнеттен бұзылып тұрып қалады. Жүргізуші жөндеуге қанша тырысса да еш нәтиже шықпайды. Нақты белгілі ақау табылмайды. Қанарбай атаның әулиелігінен хабардар жігіт, ата әруағының наразы болуынан шығар деген оймен, бастығына ынғайын тауып ол кісінің кереметтерін айтып түсіндіреді. Егер ауыл ақсақалдарының айтқанын орындаса көліктің жүріп кететінін, жауынның да жауатынына сендіруге тырысып бағады. Бір жағынан осы айтқандары орындалмай қалып, көрлі басшысының қаһарына ұшырап қалам ба деп те сескенеңді. Орыс басшы сынап көрейін деді ме, әлдеқандай оймен бе, әйтеуір райынан қайтқан сынай танытады. Осылайша көлігін қайта оталдырғанда, мелшініп тұрған қара темірге аяқ астынан жан бітіп, гүрілдей жөнелген ғой. Сөйтіп олар Ұзынқұдыққа қайта келіп, тасаттық

өткізуге келісімін беріпті. Келесі күні тасаттыққа хатшының өзі де қатысады. Жиылған жұрт Аллаға жалбарынып, Қанарбай әулиеге арнап құран бағыштап боламын дегенше үйіріліп келген қара бұлтан алғашқы жаңбыр тамшылары себелей бастапты дейді айтушылар. Басталған жаңбыр үздіксіз үш күнге созылады да, енді туылған қозыларға қауіп төнеді. Сонда дінге сенбейтін хатшы Қанарбай ата жатқан жаққа басын бұрып тұрып: «Хватить, Қанарбай ата, с дождем достаточно!» деп қолын жайыпты. Жаңбыр да сол сәтте сап тыныштық дейді куә болғандар...

Жақында қалалық мешітке өткен құдай жолына садақада қала имамы Дәуіт Сейткалиұлы жиналғандарға былай деп үнде тастады: «Жақында маған бірнеше апа келіп, біздің қала тұрғындарының бірнеше жылдан бері тасаттық беруді ұмытып кеткенімізді, қазірде қаламызда жас өлімнің көбейіп бара жатқаны, елімізде су тасқыны белең алып тұрғаны т.б. жағымсыз оқиғалардың әлемді шарлап жүргені туралы айта келіп, менен кешіктірмей тасаттық өткізу туралы тұрғындарды құлақтандыруымды өтінді. Расымен де жамандықтан қорғану үшін ата-бабаларымыз Құдайға жалбарынып, дұға жасап, тілек тілеп, құрбандық шалып отырғанын көбіміз жақсы білеміз. Бұны халықтың өз ықтиярымен ұйымдастыру қажет. Бұл жайында осында отырған ақсақалдарға мәлімдеп, енді сіздерге жариялап отырмын. Шама-шарқымызша қаражат жинап, осы шараны өткізуге атсалысуларыңызды сұраймын». Имам уағыз айта отырып, елдің ынтымақ-бірлігі, ұйымшылдығы, Алланы



мойындауы осындай кезде сынға түсетінін, бұдан біраз жыл бұрын қаладағы күре жолда көлік апатының кесірінен адам шығыны көбейіп кетуіне орай таксист жас жігіт Берекет Мұратұлының бастамасымен жол бойында тасаттық өткізгенімізді, соның есерінен болар, бұдан кейін әлгіндей апаттар мен адам өлімінің шектелгенін де тілге тиек етті. Қаланың әр көшесіне тізіммен қаражат жинайтын кісілер белгіленетінін ескертті. Әсіресе осындай көктем кезінде мешет манайын тазартуға, гүл егісіп, абаттандыруға өзінен басқа қол күшінің жоқтығын, соған көмектесуге жамағаттың қол созуына мұқтаждығын мәлім етті. Имамның ұсынысын қолдаған жұрт тасаттық өткізуге ұйымдасатындарын айтып тарасты.

Қорыта айтармыз, ата-бабаларымыз ұстанған, тұтынып, Жаратқан иеге жалбарынып отырған жолынан таймай, қазақтың қанында бар дәстүрлерінің бірі – тасаттықты өз қамымыз үшін беріп тұрудан тыс қалмайық, ағайын!

Нұрғали КАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107. Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 17/557. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041